

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ ПЕДАГОГИКА НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

ӘОЖ 76: 372. 8

М.М.Хасенов, Ж.А.Кожиков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Графикалық білім беру іс-әрекетіндегі оқушылардың жетістіктерін бағалау белгілері

Мақала оқушылардың графикалық білімін, іскерлігін және дағдыларын 10-балдық бағалау жүйесіне өту кезіндегі әдістемеге арналған. Ұсынылып отырған әдістеме оқушылардың графикалық іс-әрекетінің орындаушылық және тиімді (шығармашылық) тәсілдерін меңгерудің нәтижесін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Бағалау негізінен графикалық іс-әрекеттердің (кескіндерді тұрғызу бойынша, қайта құру, кескіндерді түсіну және түрлендіру) негізгі түрлерін меңгеру әр түрлі жағдайларда жүзеге асырылады: типтік, вариативтік және жаңа (мәселелік). Мұнда оқушылардың оқу жетістіктерінің негізгі нәтижелері көрсетіледі.

Кілтті сөздер: оқушылардың графикалық білімі, іскерлігі және дағдылары, 10-балдық бағалау жүйесі, графикалық іс-әрекеттер, кескіндер түрлері, оқу жетістіктері, оқушыларға білім беру нәтижесі, деңгей, тапсырма, шығармашылықты графикалық тапсырмалар, вариативтік жағдайлар.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 2010 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында белгіленген міндеттерді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасында орта білім беру жүйесінде оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау жүйесінің 5 және 10 балдық екі бағалау жобасын қабылдады [1]. Жаңа бағалаудың 10 балдық жүйесі білім беру нәтижелерін неғұрлым дәл бағалауды қамтамасыз етіп, оның ішінде оқушылардың оқу қызметінің әр түрлі тәсілдерін меңгеруін бағалауды қамтамасыз етеді.

Оқушылардың графикалық білім алу жетістіктерін бағалау әр түрлі графикалық іс-әрекеттердің негізгі тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асады (кескіндерді тұрғызу, қайта құру, түсіну, конструкциялау және түрлендіру).

Оқушылардың графикалық білім беру іс-әрекетіндегі зерттеу нәтижесін негізге ала отырып, келесідей оқушылардың жетістіктерін бағалаудың тиісті белгілерін жүйелеп нақтылады. Әр деңгей жетістіктеріне байланысты төрт жалпы көрсеткіштерімен анықталады [2]: бірінші деңгей — ой іс-әрекетінің жетістіктері, екінші деңгей — қиыншылық арқылы сыннан өту, үшінші деңгей — графикалық іс-әрекеттің ерекше тәсілдерін меңгеру, төртінші деңгей — оқушының өздік іс-әрекетінің пайда болуы.

Оқушыларға білім беру нәтижесі кескіндерді әр түрлі (типтік, вариативтік және жаңа) жағдайларда қолдану және ондағы графикалық іс-әрекет түрлерін ескере анықталады [3].

Типтік жағдайларда — заттардың пішінін аксонометриялық және тікбұрышты проекцияларда орындалған кескіндері бойынша қабылдау (оқу) тәсілдерін меңгерген; заттардың пішіндерін олардың өзіне немесе аксонометриялық проекциясына қарап талдау, салыстыру негізінде проекциялау әдістерін, кешендік сызбаларды тұрғызу тәсілдерін меңгерген; контурлық (толық, жартылай) кескіндері бойынша және осьтік симметрияның қасиеттері мен сызбалардағы шарттылықтарды қолданып, заттардың пішінін қайта қалпына келтіру амалдарын меңгерген; бастапқы кескіндерді

олардың түрі мен құрамы (берілген шарты) бойынша түрлендіре біледі; зат пен оның бөліктерінің пішінін және кеңістіктік орналасуларын (берілген түрлендіру шарттары бойынша) өзгерте біледі.

Вариативтік жағдайларда — заттың пішінін анықтау үшін кескіндердің әр түрлерін қолдану мүмкіндігін ескереді; сызбаларды орындаудың тиімді тәсілдерін вариативтік таңдау негізінде меңгерген; заттың пішінін модельдеуде жартылай кескіндерді толық емес берілгендері бойынша қайта қалпына келтіре біледі; заттың пішінін анықтау үшін кескіндерді түрлендірудің тиімді амалдарын қолдана алады; заттың пішіні мен кеңістіктік орналасуларын тапсырманың бастапқы шарты өзгеруі жағдайында түрлендіре біледі.

Жаңа жағдайларда — кескіндерде берілген ақпараттың мәнін ашу үшін олардағы маңызды қасиеттерден еркін бағдар ала біледі; қажетті графикалық ақпаратты толық және жеткілікті деңгейде беру үшін кескіндердің әрқилы түрлерін қолдана алады; шығармашылық тапсырмаларды шешу үшін қайта қалпына келтіру амалдарын қолдана алады; заттың жаңа пішінін модельдеу үшін бастапқы кескінді түрлендіру амалдарын өз бетімен анықтай біледі; заттардың кеңістіктік қасиеттердің кескіндері бойынша түрлендіру тәсілдерін (сызу бойынша модельдеуге және жобалауға арналған шығармашылық тапсырмаларды шешуде) өз бетінше анықтай алады.

Заттың сызбасын орындау (заттардың пішіндерін өзіне қарап немесе көрнекі кескіні бойынша)

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2 балл):

- оқушының ойша әрекет етуі негізінен түсінікке сүйену арқылы жүзеге асады (заттардың пішінін өзіне немесе көрнекі кескініне қарап), яғни мәліметтерді тікелей түсінік арқылы қолданады; оқушының іс-әрекеті кескінді жиі еске сақтау және оны есіне түсіру арқылы жеке бөліктерімен және бейнені елестету арқылы — заттың проекциясын елестетеді;
- проекция жазықтығына қарағанда заттың орналасуын ойша бекітуге қиынсынады; динамикалық кеңістікті ойлау қабілетіне қарағанда статикалық кеңістіктік ойлау қабілеті жақсы дамыған; кеңістіктік елестетуі баяу және берік емес; заттың пішінін анықтау және бақылау амалдары жеткіліксіз қалыптасқан, бөлшек кескінінің кейбір бөліктері жетіспейді;
- заттың кеңістіктік орналасуын ойша түрлендірмей, тек қана оның бақыланушы көрінісін ғана орындау амалдары қалыптасады. Сонымен қатар проекциялық байланыс сызықтары қолданылмай, кескіндерді ретсіз орындау байқалады;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен және оның тікелей көмегімен, айтуы арқылы жұмыс жасайды.

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- заттың пішініне қажетті талдауларды жасай алады, проекциялау әдістерін меңгергеннен кейін көру нүктесін таңдауды жеткілікті дәрежеде біледі; сызбаларды орындау кезінде заттың бейне-проекциясы тірек ретінде болады; проекция жазықтығына қарағанда заттың сызбаларын шартты түрде айқындап орындайды;
- сызбаны орындау кезінде тірек ретінде болатын заттың толық және берік бейнесінің жеткілікті болуы әркез қалыптаспайды; кеңістіктік елестетудің толықтығы, орнықтылығы және динамикасы жеткіліксіз;
- кескіндерді орындаудың алдында заттың бастапқы пішінін талдап қорыту, оның конструкциясын талдау, кескіндердің геометриялық құрамын анықтау жүзеге асырылады;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен және сілтеме көмегімен жұмыс жасайды.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- проекциялау негіздерін меңгерген; орындалушы кескіндерге сүйене отырып, заттың бейне-проекциясын жасау барысы жүзеге асырылады; толық және орнықты кеңістіктік елестету жеткілікті қалыптасады;
- графикалық кескіндердің өзін қолданбай, тек қана заттың бейнесіне сүйеніп кескіндерді орындау кезінде біршама қиындықтар туады;
- натураны бақылаудың қажетті амалдары мен сызбаларды орындаудың бірізділігі қалыптасады;
- тапсырмаларды орындау кезінде мұғалімнен кейбір нұсқауларды ала отырып, жеткілікті деңгейде өз бетімен жұмыс жасай алады.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- әрдайым кескіндерді орындаудың алдында заттың пішінін талдау және кескіндердің геометриялық құрамын анықтау іске асырылады; заттың кеңістіктік бейнесін ойша бейнелеу жолымен әрекеттерді іске асырады; динамикалық кеңістіктік елестетумен әрекет етуді біледі;

- қиындықтарды тез, жеңіл жеңе біледі, кеңістіктік елестетуде берік және жоғары ептілікке ие болады;
- кескінделген нысан пішінінің нақтылы ерекшеліктеріне сай кескіндерді тұрғызудың бірізділігін нақты сәйкестігімен айқындайды; іс-әрекеттері кескіндер құрамын геометриялық талдауға негізделген;
- берілген тапсырманы өз бетімен, мұғалімнің көмегінсіз орындайды.

Кескіндерді оқу және қабылдау

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2 балл):

- кескінделген заттардың жалпы және ерекше белгілерін анықтау әрекеттерін іске асырады; кескіндері бойынша оның өлшемдерін және заттың пішінін көрнекі бейнені елестету негізінде жүзеге асырады;
- проекция жазықтығына қарағанда кескіні бойынша оның толық бейнесін қайта жасауда және заттың тұрған орнын ойша бекітуде қиындықты сезінеді; негізінен статикалық кеңістіктік елестетуі ғана дамыған;
- көрнекі кескіндермен (аксонометрия, техникалық сурет) және кешенді сызбалардың кескіндерімен әрекет ету амалдарын біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен және көмегімен (айтуымен) жұмыс істейді.

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- заттардың кеңістіктік қасиеттеріне және кескіндердің қасиеттеріне толық талдауды жасай алады; заттардың кеңістіктік қасиеттеріне толық талдау жасау үшін қажетті түсініктерді меңгерген;
- заттың кеңістіктік қасиеттері туралы динамикалық түсініктерді пайдалану кезінде қиыншылықты сезінеді;
- әр түрлі проекциялау әдістерімен орындалған заттардың кескіндерінің кеңістіктік қасиеттерін және кескіндердің қасиеттерін түсінуді толық жеткілікті біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен жұмыс атқарады.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- әр түрлі тәсілдермен орындалған кескіндердің ұқсастығы мен айырмашылығын айқындап қана қоймай, оның шығу қасиетін де біледі; кескінің құрамы бойынша түрлендірудің кейбір тәсілдерін және олармен байланысты заттардың кеңістіктік қасиеттерін (тілік, қима) өзгертуді жүзеге асырады;
- қиындықты оңай жеңе біледі, кеңістіктік елестетуді берік және орнықты жеткілікті меңгерген; динамикалық елестетулерді пайдалануда және жасауда кейбір қиындықтар пайда болады;
- кескіні бойынша заттың өлшемдері мен кеңістіктік пішінін толық айқындауға дайындық қалыптасады;
- тапсырманы орындау кезінде өз бетімен жеткілікті жұмыс жасайды.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- кескіндерді оқу және қабылдау бойынша күрделі ойлау іс-әрекеттерін жүзеге асырады; сызбаны түсінуде толық және қажетті ақпаратты алу үшін сызбаны мақсатқа сай және жүйелі қабылдауды үйренген (мысалы, құрастыру сызбасы бойынша бұйымдарды бөлшектеу жүйесін жасау);
- қиындықты оңай жеңе біледі, графикалық материалдарды тиянақты бақылау негізінде анық және нақтылы бейнелер жасайды; динамикалық кеңістіктік түсінікті дамытуда сапалы қозғалу пайда болады;
- заттың жазбаша сипатталуын және сызбасын оқу мен қабылдаудың тиімді амалдарын қолдана біледі (оның конструктивтік және геометриялық сипаттары негізінде);
- тапсырмаларды орындауда жоғары дәрежеде өз бетімен жұмыс істей алады.

Кескіндерді қайта қалпына келтіру

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2):

- толық емес кескіндерден қажетті ақпараттарды алу амалдарын меңгерген (сызықтары жеткіліксіз); техникалық сызбадағы шарттылықтар мен осьтік симметрияның қасиеттерін қолданып, бөлшектің пішінін анықтайтын геометриялық денелерді біледі;

- толық емес, жартылай кескіндерді талдауда және заттың (бөлшектің) пішінін жасаушы геометриялық денелердің белгілерін анықтауда, талдауда қиыншылықты сезінеді;
- техникалық сызбаның шарттылықтары мен осьтік симметрияның қасиеттерін қолдану негізінде, кескінді қайта қалпына келтіру амалдарын жеткіліксіз дәрежеде біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен және көмегімен (айтуымен) жұмыс жасайды.

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- толық емес кескіндердің графикалық құрамын талдаумен бөлшектің пішіні туралы ақпаратты өз бетімен алады;
- техникалық сызбадағы шарттылықтар мен осьтік симметрия қасиеттерін пайдаланып, бөлшектің пішінін анықтайтын геометриялық денелерді біледі;
- кескіндерді қайта қалпына келтірудің тиімді амалдарын жеткіліксіз дәрежеде біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен жұмыс жасайды.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- жартылай кескіндердің графикалық құрамына талдау жасау негізінде заттың пішінінің белгілерін оңай анықтайды;
- осьтік симметрияның қасиетін, шарттылықтарды қолданып, заттың кескінін қайта қалпына келтірудің, бөлшектің қима фигурасы арқылы оның көрінісін қайта жасау амалдарын біледі;
- жартылай кескіндерді қайта қалпына келтіруді тиімді орындайды;
- тапсырмаларды орындауда өз бетімен жеткілікті жұмыс істеуді көрсетеді.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- кескіннің графикалық құрамынан (құрастыру сызбасының) бөлшектің кескінін (бөліктің) қайта қалпына келтіруді біледі;
- жартылай және толық кескіндерді (бұйымның сызбасы бойынша) талдау негізінде бөлшектің пішінін қайта қалпына келтіре біледі;
- белгілі және белгісіз, жаңа жағдайда кескіндерді қайта қалпына келтіру амалдарын пайдалануды жете түсінеді;
- тапсырманы орындау кезінде жоғары дәрежеде өз бетімен жұмыс істей алады.

Кескіндердің құрамы мен кескінін түрлендіру

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2 балл):

- проекциялау әдістерін өзгерту негізінде берілген графикалық кескіндердің көріністерін түрлендіруді жүзеге асырады;
- кескіндерді түрлендіруде графикалық ақпараттарды алғашқы түрінен екіншісіне ауыстыру кезінде қиындықты сезінеді, кескін құрамының өзгеруіне байланысты түрлендіруді жүзеге асыра алмайды;
- проекциялау тәсілін игеру негізінде бастапқы кескіндерді басқа түрге түрлендіру тәсілдерін біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауы бойынша және көмегімен жұмыс жасайды (айтуы бойынша).

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- кескіндердің құрамы мен көрінісін түрлендіре біледі (көріністі тілікке алмастыру, кескіннің қажетті санын анықтау);
- кескіннің құрамын өзгерту үшін кескінді ойша түрлендіруді қиынсынады (көріністі тілікке және керісінше т.с.с.);
- кескіндердің құрамын өзгерту тәсілдерін меңгеру негізінде кескіннің бастапқы түрін түрлендіру амалдарын қолдана алады;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен жұмыс жасайды.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- тасымалдау үшін бастапқы кескіндерді және графикалық ақпаратты кескіндеуді түрлендіруді жүзеге асырады;
- кескіндер құрамы мен проекциялау әдістерін өзгертумен байланысты кескіндерді ойша түрлендіруді оңай жүзеге асырады, бірақ құрастыру сызбасы бойынша ақпараттарды айқындауда және беруде қиындықты сезінеді;

- кескіндер құрамын өзгеру негізіне байланысты кескіннің бастапқы түрін түрлендіру амалдарын біледі;
- тапсырмаларды орындау кезінде өз бетімен жеткілікті жұмыс жасауды көрсетеді.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- ұсыну және графикалық ақпаратты кескіндеу үшін бастапқы кескіндерді түрлендіруді жүзеге асыра алады;
- графикалық ақпаратты бір түрден екінші түрге ауыстыру үшін кескіндерді түрлендірудің барлығы оңай жүзеге асады;
- кескіндердің құрамы мен көріністердің түрлерін түрлендірудің барлық амалдарын біледі;
- тапсырмаларды орындау кезінде өз бетімен жақсы жұмыс жасауды көрсетеді.

Заттарды кескіндері бойынша түрлендіру

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2 балл):

- заттың бөліктерінің өзара орналасуын өзгерту кезінде зат бөліктерінің орынын ауыстырудың ең оңай жағдайларымен байланысты әрекеттерді жүзеге асырады (орнын ауыстыру, бөлігін жылжыту, параллель ауыстыру жолымен), мұғалімнің бақылауымен жұмыс жасайды;
- бейнені пайдаланғанда өзінде бекітілген есептеу нүктесінен кеңістіктегі бағдарлау жүйесін ұсынады, кеңістіктік елестетуде осалдық танытады;
- заттарды кескіндері бойынша түрлендірудің тиімді амалдарын меңгере алмаған; жасалынған бейнелер көп қозғалмайды және фрагмент түрінде ерекшеленеді; кеңістіктегі кез келген берілген есептеу нүктесінен жаңа бағдар жүйесіне өту қиындық танытады;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен және көмегімен жұмыс жасайды (айтуы бойынша).

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- зат бөліктерінің орынын жылжытуға байланысты әрекеттердің барлық түрлерін жүзеге асырады;
- кеңістіктегі есептеу нүктесін өзгертуді талап ететін, кеңістікте бағдар алудың жаңа жүйесіне еркін өтеді, затты кеңістікте ойша бұруға байланысты әрекеттерді жүзеге асырады;
- зат бөліктерінің өзара орналасуын және оның кеңістіктегі орнын өзгерту кезіндегі кескіндерді түрлендіру амалдарын біледі;
- оқушы мұғалімнің бақылауымен жұмыс істейді.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- заттың пішінін өзгертуге байланысты (алып тастау, сығып енгізу) әрекеттерді жүзеге асырады;
- түрлендіру нәтижесінде заттың барлық элементтеріне (бөліктерін) қалпына келтірудің толықтығымен байланысты жеңіл-желпі қателерді жібереді;
- орындалған түрлендірулерге байланысты графикалық кескіндерді орындаудың тиімді амалдарын жеткіліксіз біледі; заттарды пішіні және кеңістіктік орналасуы бойынша түрлендіре алады;
- тапсырманы орындауда өз бетімен жоғары дәрежеде жұмыс жасауды біледі.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- затты өзгертумен байланысты барлық түрлендіру амалдарының әр түрлі қатынасын оңай іске асырады;
- жасалған бейнелер динамикалық қозғалысымен ерекшеленеді;
- заттарды кескіндері бойынша ойша түрлендірудің тиімді амалдарын біледі;
- тапсырмаларды орындау кезінде өз бетінше жоғары деңгейде жұмыс жасауды көрсетеді.

Шығармашылықты графикалық тапсырмаларды орындау

Бірінші деңгей — ең төмен (1–2 балл):

- шығармашылық белсенділікті көрсетеді, бірақ қорқақтаумен шектеледі; кескінді ойша түрлендіруге қабілетті, бірақ мүмкіндігінше басқа шешімдердің нұсқаларын өз бетімен іздемейді;

- мұғалімнің көмегінсіз вариативті шешімдерді дамытуда, графикалық білімін қолдануда, әсіресе арнайы нысандарды кескіндегенде қиындықты сезінеді; нысанның пішінінің ерекшеліктерін ашуда, қажетті кескін санын анықтауда қиындықты сезінеді;
- жұмысты шығармашылық үдерістің кестесіне сүйеніп жұмыс жүргізу талабы бар және орындалушы тапсырмаға қосымша түсіндіруді қажет етеді;
- көбінесе мұғалімнің көмегіне сүйенеді, тапсырма шарттарын түсінуге мүмкіндігі бар.

Екінші деңгей — қанағаттанарлық (3–4 балл):

- жалпы шығармашылық белсенділігі бар; жұмысты шығармашылық үдерістің кестесіне сүйене отырып жұмыс жүргізу талабы бар; ойша түрлендіруді біледі, бірақ берілген тапсырманың шешу нұсқаларын іздестірумен шектеледі;
- тапсырманы шешу нұсқаларын іздеуде қиындыққа кездеседі; салынған шектеулер төңірегіндегі тапсырманың шешімдік нұсқаларының саны екіден артпайды; кескіннің қажетті санын таңдаумен байланысты қателер жібереді;
- шығармашылық ерекшелігімен байланысы жоқ қателіктерден тұратын кескіндерді орындау кезінде, графикалық білімдерін қолдана біледі;
- өз бетімен немесе жартылай мұғалімнің көмегімен тапсырма шарттарын түсінеді; мұғалімнің көмегінсіз қажетті қосымша білімді немесе анықтаманы алуға ұмтылады.

Үшінші деңгей — жеткілікті (5–7 балл):

- жалпы шығармашылық белсенділігімен, шығармашылық үдерістің кестесінің шарттарына сүйене отырып, жұмыс жасауға талабы бар;
- тапсырма шешімдерінің нұсқаларын іздеуде, салынған шектеулер төңірегінде тапсырманың шешімдік нұсқалар саны екі-үштен асқанда қиындыққа кездеседі;
- шығармашылық ерекшеліктеріне байланысы жоқ қателіктерден тұратын кескіндерді орындау кезінде, графикалық білімдерін қолдана біледі, конструкцияның басты бөлігінің көрінуіне мүмкіндік беретін, кескіндердің қажетті санын таңдаумен байланысты қателерді жібереді;
- өз бетімен немесе жартылай мұғалімнің көмегімен тапсырма шарттарын түсінеді.

Төртінші деңгей — жоғарғы (8–10):

- жалпы шығармашылық белсенділігімен, тапсырма шарттарын өз бетінше шеше біледі; графикалық жұмыс кестесінің және тапсырманың шарттарына қойылған шектеулердің деңгейінде көпнұсқалық шешімдер мүмкіндігін ұсынады;
- кескіндерді орындау кезінде графикалық білімдері бойынша қиындықтардан қорықпайды; жұмысты шығармашылық үдерістің кестесіне сүйенбей жұмыс жасауға қабілетті;
- курстың меңгерілген тарауы бойынша графикалық білімдерін қолданып, елеусіз қателермен кескінді орындауға қабілетті; нысан пішінінің ерекшеліктерін ашу үшін қажетті кескіндер санын қолданады;
- өз бетімен немесе мұғалімнің жетекшілігімен анықтамаларды және оқулықтарды қолданып, білімін толықтырады, қажетті ақпараттарды алады.

Оқу жылы тестілік емтихан түрінде қорытынды бақылауды өткізумен және берілген тапсырмаларды орындаумен оқу нәтижелерін бағалауды жүргізумен тәмамдалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Жоба. — Астана, 2010.
- 2 Қазақстан Республикасының 12 жылдық орта білім концепциясы. Жоба. — Астана, 2010.
- 3 Білімнің мемлекеттік жалпы білім беретін стандарты. Негізгі ереже (12 жылдық мектеп үшін). — Астана, 2008.

М.М.Хасенов, Ж.А.Кожиков

Оценивание степени успеваемости в графическом образовании деятельности учащихся

Статья посвящена методике оценивания графических знаний, умений и навыков учащихся при переходе на 10-балльную систему. Предлагаемая методика позволяет объективно оценить результаты усвоения учащимися как репродуктивных, так и продуктивных (творческих) способов графической деятельности. Оценивание осуществляется с учетом освоения основных видов графической деятельности (по построению, реконструкции, восприятию и преобразованию изображений) в различных ситуациях: типичной, вариативной и новой (проблемной). В них проявляются основные результаты учебных достижений учащегося.

The article is dedicated to valuation methodics of students graphic knowledge, skills and abilities during the move up to the 10-points evaluation system. The suggested methodics allows to impartially evaluate the results of learning by students of reproductive as well as productive (creative), methods of graphic activities. The evaluation is performed taking into account learning of fundamental types of graphic activities (construction, reconstruction, apprehension and transformation of graphic image) in different situations: standard, varied and new (problematic).

УДК 37. 016:51–057.87 (574)

Ж.Н.Аширбаева

Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова, Шымкент

Психолого-дидактические условия развития речемыслительной деятельности учащихся 5–6 классов в процессе обучения математике

В статье рассмотрены научно-методические основы развития речемыслительной деятельности учащихся 5–6 классов на уроках математики основной школы. Проанализировано состояние проблемы в философских, психологических, педагогических исследованиях, определена сущность понятий «язык», «речь», «мышление», «речемыслительная деятельность». Выявлены методические особенности развития речемыслительной деятельности учащихся 5–6 классов в процессе обучения математике. Определены психолого-дидактические условия развития речемыслительной деятельности учащихся и научно-методические трудности обучения математике.

Ключевые слова: основы развития речемыслительной деятельности, основная школа, мышление, речемыслительная деятельность, процесс обучения математике, психолого-дидактические условия развития речемыслительной деятельности, структура речевой деятельности, активизация работы мышления, речевая культура.

Развитие речемыслительной деятельности учащихся является одной из наиболее актуальных проблем в процессе обучения и воспитания основной школы.

Усиление речевой направленности в обучении основам наук предполагает ведение систематической и целенаправленной работы по развитию всех видов речевой деятельности школьников. Реализация этой важной задачи позволяет развивать не только устную и письменную речь, но и мышление учащихся.

Мышление — процесс опосредованного и обобщенного познания окружающего мира, наиболее сложный познавательный психический процесс, свойственный только человеку. Мышление играет поистине огромную роль в познании, расширяет его границы, дает возможность выйти за пределы непосредственного опыта ощущений и восприятия. Мышление перерабатывает информацию, которая содержится в ощущениях и восприятии, а результаты мыслительной работы проверяются и применяются на практике.

Различают три основные формы мышления: понятие, суждение и умозаключение.